

ОӘЖ 336.647

**КӘСПОРЫННЫҢ АЙНАЛЫМ ҚАРАЖАТТАРЫН ПАЙДАЛАНУДЫҢ
ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Қыйлыбаева Динара Бақытбергенқызы

dinka.077@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Хамитхан Н.

Еңбек заттары еңбек құралдарымен бірге үдерісіне қатысып, олардың құны өндірілетін өнімнің материалдық негізін жасап, өнімнің өзіндік құнын құрайды.

Өндірістік айналым капиталдың заттық элементтерінің айналымдылығымен, еңбек үдерісімен және негізгі өндірістік қорлармен тығыз байланыста болады. Корпорацияның айналым қоры мен айналым капиталы түсінігін, оның мәнін, қызметімен құрамын қарастырайық. Бұл түсініктер барабар ұғымдар емес екенін естен шығармау керек. Айналым қоры бұл өндірістік мұндетті, ал өндірістің өзіндік құнының негізгі бөлігі. Оның негізгі өндірістік қорлардан ерекшелігі айналым қоры әрбір өндірістік толығымен тұтынылып, өзінің құнын өндірілген өнімге толығымен өткізеді.

Айналым қоры өндірісте пайдалануға немесе белгі бір жұмыс пен қызметті орындауға арналған шикізаттар, материалдар, сатып алынған жартылай өңделген өнімдер, құрастырушы өнімдер, отын, ыдыс, ыдысқа арналған материалдар, қосалқы бөлшектер және басқа да материалдар, қосалқы бөлшектер және басқа да материалдар аяқталмаған өндіріс түрінде болады. Өнім бірлігіне жұмсалған шикізат, материалдар, отын мен энергия шығыны неғұрлым аз болса, өнімді өндіруге және дайындауға жұмсалатын еңбек шығыны соғырлым үнемді әрі оның өзіндік құны арзан болады. Айналым қорына қарағанда айналым капиталы экономикалық санат ретінде кең мағынаны береді. Ол айналым қоры мен айналыс қорынан тұрады. Айналыс қоры қызмет барысында сатуға шығарылғандайын өнім, тауарлар, сондай-ақ корпорация қассасындағы немесе банкінің есеп айрысу шотындағы қаржылар және дебиторлық қарыздар түрінде көрінеді. Айналыс қорлары құн түзуге қатыспайды, бірақ түзілген құнды жеткізуші болып табылады. Айналыс қорының негізгі қызметі – ақшалай қаражат арқылы айналымның үздіксіздігі мен бір қалыптылығын қамтамасыз ету. Сонымен, айналым капиталы деп өндірістік айналым қоры мен айналыс қорына арналған корпорацияның ақшалай қаражаттарын айтамыз[1].

Айналым капиталы дегеніміз – өндірістік айналым қорлары мен айналыс қорларын құруды және олардың үздіксіз айналымдылығын қамтамасыз ететін алдын ала бөлінген ақшалай қаражаттардың жиынтығы. Өндірістік айналым қорлары – бұл еңбек заттары (шикізат, негізі материалдар мен жартылай өңделген өнімдер, қосымша материалдар, отын, ыдыстар, қосалқы бөлшектер және т.б.) мен аяқталмаған өндіріс өнімдері. Өндірістік айналым қорлары өндіріске өзінің табиғи-заттық күйінде қатынасады да, өнім дайындау үдерісінде толығымен тұтынылып, өзінің құнын жасалатын өнімнің өзіндік құнына өткізеді. Өндірістік айналым қорлары құрамындағы өндірістік қаражаттардың мөлшерімен, ең алдымен өндірісі ұйымдастырудың техникалық деңгейімен және дайындалатын өнімнің өндірістік цикілінің ұзақтығымен сипатталады.



Сурет-1. Корпорацияның айналым капиталының құрамы
Ескерту-сызба [2] алынған материалдар бойынша автормен құрастырылған

Корпорацияның іс-әрекеттерін қамтамасыз етудегі міндетті шарт – қолда бар айналым қаражаттарының болуы. Айналым капиталы – бұл өндірістік айналым қорларын құру, айдалану және үздіксіз өндірістік роцестер мен өнімді өткізуді қамтамасыз ету үшін авансылаудың ақшалай қаражаттарының жиынтығы. Айналым капиталының мәні – ұдайы өндірістік үдерістердің қажеттілігін қамтамасыз етудегі экономикалық рөлімен анықталады. Айналым капиталы өндірістік үдеріске бірнеше рет қатысатын негізгі қорларға қарағандағы айырмашылығы, ол тек бір ғана өндірістік кезеңде қызмет етеді және өндірістік тұтыну тәсіліне тәуелсіз өзінің құнын тікелей дайын өнімге апарды.

Жалпы айналым капиталын талдау негізінде мен “Upgrade S” ЖШС кәсіпорынның мысалында келтіруге тырысамын.

Кесте 1 - 2015- 2017 жж активтер рентабельділігі және оны ауытқулары, мың.тг

Көрсеткіштер	2015 ж	Ауытқу	2016 ж	Ауытқу	2017 ж
Газа пайда	134	69	203	232	435
Қысқа мерзімі активтер	3268	1655	4923	1184	6107
Ұзақ мерзімді активтер	493	104	597	95	692
Активтер рентабельділігі	3,56 %	0,13 %	3,67 %	2,72 %	6,39 %
Ескерту – кесте [1] негізінде авторынан жасалған					

Жалпы 1- кесте соңғы 3 жылдың активтер рентабельділігі және оның 3 жыл арасындағы ауытқулар берілген. Сондағы 2015 жылда активтер рентабельділігі 3,56 % тең. Бірақ та келесі жылы бұл көрсеткіш 0,13 % көтеріліп, 3,67 % жеткен. Ал 2017 жылда бұл көрсеткіш 2,72 % - ға өсіп, 6,39 % көрсетіп тұр.

Жоғарғыдағы кесте бойынша кәсіпорынның айналымдылық капиталын келесі кесте бойынша талдай аламыз.

Кесте 2- “Upgrade S” ЖШС ның айналым капиталының көрсеткіштері

	2015 жыл	2016жы л	2017жыл	Нормативтік мәні
Жалпы өтімділік коэффициенті	0.20	3.09	8.75	0.7-3.0
Өтімділік коэффициенті	0.01	0.56	3.82	0.2-0.5
Меншікті айналым капиталы	(891 345)	1 797 785	5 284 603	> 0
Айналымдағы капитал	(891 345)	32 671	2 752 517	> 0
Айналым капиталының маневрлік коэффициенті	(0.29)	0.16	0.27	> 0.1
Ескерту – кесте [2] негізінде автормен өңделген				

Кесте 2- бойынша соңғы жылдағы меншікті капитал айналымы мен айналым капиталының сомалары көрсетілген. Сондағы байқайтынымыз Айналым капиталының көрсеткіштері жылы ең көп соманы көрсеткенімен келесі жылы айзайып кеткенін көре аламыз. Ал жылы айналым капиталының сомасы біршама көтерілгенін көре аламыз.

Айналым капиталды тиімді қолдану көбінесе айналым капиталының қажеттілігінің дұрыс анықталуына байланысты. Өнімді сатудан түсетін түсімнен бұрын өндірістің өндірістік шығындарды қаржыландыру көзі айналым капиталы болып табылады. Өндірістік запастарды қолдану мерзімінен оның дайын өнімге айналуы және сатылу мерзіміне дейін алатын уақыт периоды тым ұзақ болуы мүмкін. Сатудан түсетін түсім материалдық ресурстарды қолдану уақытына дәлме-дәл сәйкес келе бермейді. Осының бәрі

айналым капиталының құрылымының көлемі шеңберінде қалыптасу керек екендігіне көз жеткізеді.

Нақты өнімдер өндірісі мен сатылуы қызметімен тікелей байланысты позициясына жататындар: дайын өнім сатып алушыларының дебиторлық борышы; қоймадағы дайын өнімнің босалқы қорлары; аяқталмаған өндіріс; тікелей материалдық шығындар ретінде өндірісте пайдаланылатын материалдардың босалқы қорлары; осы материалдарды жеткізу бойынша өзара есеп айрысулар; шығындардың ауыспалы бөлігіне енетін еңбекке ақы төлеу бойынша борыш; шығарылатын өнім көлеміне тікелей тәуелді болатын технологиялар мен алымдар бөлігіндегі бюджеттен тыс қорлар мен бюджетпен есеп айырысу бойынша борыш; көлемі ауыспалы шығындар ретінде өнімнің өзіндік құнына енетін өндірістік қызмет көрсетулерді жеткізушілермен есеп айырысу бойынша борыш; пайда болуы қызметтің қандай да бір түрлерінің өндірістік бағдарламада болуымен байланысты болатын басқа активтер мен пассивтер.

Бұл мәселені шешу үшін кәсіпорын құндылыққа бағдарланған менеджмент (Value-Based Management – VBM) ұғымын қолдану қажет. VBM қазіргі уақытта ғылым мен бизнес қоғамдастықта басты басқару парадигмасы ретінде қабылданып отыр және күнделікті тәжірибеде кең ауқымда қоладаныла бастады, соның ішінде Қазақстанда да таралып келеді. Капитал нарығы мен басқа да нарықтық экономика институттарының дамуымен бірге қазақстандық компанияларда акционерлік капиталды тікелей тарту мүмкіндігі пайда болды, ал инвестициялармен қарым-қатынас жаңа сапалық деңгейге шықты.

VBM концепциясының негізінде коммерциялық ұйымның басты мақсаты оның акционерлері үшін құндылығын өсіру болып табылатынын мойындау жатады. Сәйкесінше, компанияның барлық шешімдері осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталуы керек. Бұл тұрғыда VBM неғұрлым ықтимал құндылықты жоғарылатуға мақсатталған ұйымды басқару жүйесі ретінде есептеледі.

Құндылыққа бағдарланған басқару шеңберінде келесі іс-әрекеттер мен шешімдер ұсынылады:

- компанияның айналым капиталын анықтау моделі мен іс-шараларды талдау;
- айналым капиталының өзгеруінің мониторингін әр тоқсан сайын жасау;
- жаңа құндылықты қалыптастыру үшін драйверлерді (факторларды) анықтау;
- меншік иегерлері үшін компания құндылығы мен корпоративтік және бизнес-стратегиялар арасындағы нақты байланыс орнату;
- құндылықты қалыптастыруға бағытталған компанияның қаржылық саясатын құрау;
- иегерлер мен менеджерлердің мүдделерін шешу механизмдерін анықтау;
- қызмет нәтижелерін өлшеу және материалды ынталандыру жүйесін қалыптастыру.

Корпорацияда өндірісті дамыта отырып, алдағы 3 жылдықта айналым капиталын қолдануды жақсарту өте маңызды деп айтқым келеді, себебі бұл кезде босатылатын материалды және ақшалай ресурстар ары қарай инвестициялаудың қосымша ішкі көзі болып табылады. Айналым қаражаттарын тиімді де ұтымды қолдану кәсіпорынның тұрақтылығын және төлем қабілетін жақсартуға көмектеседі. Бұл жағдайда кәсіпорын уақытылы және түгелдей өзінің есеп айырысу және төлем міндеттерін орындайды, ол кәсіпорын қызметті сәтті орындауға мүмкіндік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Уақпаева М.М., Қайырбаева Г.К. Корпоративтік қаржы : Оқулық.–Алматы: 2017. –178 б.
2. Кадрова Н.Н. Корпоративтік қаржы: Оқулық.–Алматы: Экономика, 2008. –86 б.
3. Э.Э. Михель. Корпоративные финансы:Оқулық.–Алматы: Экономика, 2009. – 210б.

4. Өсербайұлы С. Корпоративтік қаржы: Оқу құралы.–Алматы:Қазақ университеті, , 2015. –86б.
5. Корпоративные финансы: Учебное пособие / Под ред. проф. А.М. Ковалёвой.– М.: Финансы и статистика, 2012.-117 б.
6. Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» 1995 жылғы 19 маусымдағы заңы, (2004 жылғы 11 маусымдағы өзгерістер мен толықтырулар)
7. Қошқарбаев К.У. Рынок корпоративных ценных бумаг Казахстана: теория, практика, опыт / Учебник. Алматы 2010.